

996 жылғы 14 желтоқсандағы N 1538 қаулысын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 20 мамырдағы N 149

1. "Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасауды жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 желтоқсандағы N 1538 P961538_ қаулысын іске асыру мақсатында:

"Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1716 P961716_ қаулысы бойынша кәсіпорындар тізбесіне енген шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінші басшылары:

1997 жылдың 1 шілдесіне дейін бухгалтерлік есептің ұлттық стандарттарына шоттар жоспарын конверциялауды бухгалтерлік есеп саласындағы мамандарды тарту мүмкіндігімен жүргізсін;

1997 жылдың 25 мамырына дейін халықаралық аудиторлық компаниялармен (ұйымдармен) 1996 жылғы қаржылық аудитті аудиттің халықаралық стандарттарының талабына сәйкес жүргізу жөнінде келісім-шарттар жасасын;

қаржылық есептің аудитін жүргізу жөнінде келісім-шарт жасасу үшін жария ақпарат беретін болсын және аудит жүргізу барысында оған қажетті барлық құжатты, оның ішінде мынадай ақпаратты:

1996 жылға арналған қаржылық есепті (баланс, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп);

шаруашылық жүргізуші субъектінің басқару құрылымын, оның лауазымды адамдарының тегін, атын, әкесінің аты мен қызметтік координаттарын;

активтері мен резервтерінің мөлшерін көрсете отырып, филиалдары мен басқа да құрылымдық бөлімшелерінің тізімін;

акциялардың 5 процентінен көбін иеленетін акционерлер туралы мәліметті; бухгалтерлік есептің жаңа қазақстандық стандарттары мен жаңа шоттар жоспарына арналған конверсия бойынша оқудан өткен бухгалтерлерді көрсете отырып, кәсіпорын бухгалтерлерінің тізімін;

шоттардың жаңа жоспарына арналған конверсия мен бухгалтерлік есептің жаңа қазақстандық стандарттары бойынша есеп жүргізу жөніндегі ағымдағы ережені;

жарғылық қорында шаруашылық жүргізуші субъект акцияларының үлесін немесе пакетін (проценттік қатынаста) иеленетін занды тұлғалар туралы мәліметтерді;

санаттарға жіктей отырып, шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметімен айналысатын адамдардың санын ұсынатын болсын;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына тоқсан сайын жоғарыда аталған ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат беріп отырсын.

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы халықаралық аудиторлық компанияларға шаруашылық жүргізуші субъектіні тексеру жөніндегі аудиторлық қорытындыларында мынадай айқындаамаларды:

шарттық міндеттемелерді (белгілі бір жағдай туғанда пайда болуы мүмкін ақша түріндегі міндеттемелерді);

тапсырыстардың құрылымы көрсетілген, жасалған келісім-шарттарды (зандық және қаржылық аспектілері);

берешектің заемдар бойынша және оның қалыптасу мерзімдері бойынша таратып көрсетілген дебиторлық және несие берешектерін;

сатудан түскен табысты (негізгі тауар топтары бойынша таратып көрсету, экспорттан түскен табыс) көрсетуді ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы тоқсан сайынғы ақпаратты алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүргізіліп жатқан жұмыстың барысы жөнінде ай сайын ақпарат беріп тұру ұсынылсын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Минistrінің орынбасарлары А.В.Павловқа және Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК